

«Жыр Жалын» поэзия әлемі әлеуметтік-педагогикалық жобасы

Өзектілігі: Бүгінгі жаһандық заман әрбір ұлттың ұлттық сипатын сақтап қалуда қоғамдық сананы жаңғыртуды талап етеді. Қазақ елінде ғана емес әлемде жаңа тарихи кезеңнің басталғандығы шындық. Күнде құбылып жатқан дүниеде таптаурын қасаң қағидалардан арылмасақ, мақсатымызды айқындап, алдымызға жаңа міндеттер қойып еңсермесек жұтылып кетеріміз сөзсіз. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақалалары ұлтты дамытудың нақты қадамдарын айқындап берді.

Қазіргі таңда елімізде жүргізіліп жатқан жұмыстар жарқын болашағымыздың кепілі. Болашақ жастардың қолында. Оның баянды болуы ұлттың бірегейлігін сақтай отырып, білімді, реализм мен прагматизмге құштар, бәсекеге қабілетті, ашық саналы ұрпаққа байланысты. Ал, саналы ұрпақты тәрбиелеуде тоталитарлық зорлық-зомбылықтың дәмін татқан халықтың тарихи жады, санасы, рухы жаңғыруы тиіс. Ол үшін отандық білім мен ғылым жүйесінің алдында таяу жылдары жедел атқарылуы тиіс өзекті мәселелер тұр.

Қазақстан халқының сауаттылық және құзыреттілік деңгейін бағалау әлемнің көптеген елдерінен елеулі артта қалғанын куәландырады. ЭЫДҰ-ның ересектердің (16-65 жас) құзыреттілігін халықаралық бағалау бағдарламасының (PIAAC) нәтижелері бойынша Қазақстан оқу бойынша 34-орынды, математикалық сауаттылықтан (39 елдің ішінен) 33-орынды және ақпараттық-коммуникативтік технологиялар саласындағы сауаттылық бойынша (36 елдің ішінен) 32-орынды иеленді. Қазақстанның нәтижелері ЭЫДҰ-ға қатысушы елдердің және Ресей Федерациясының орташа көрсеткішінен (оқу бойынша 9-орын және математикалық сауаттылық бойынша 15-орын) әлдеқайда төмен. Білім және ғылым жүйесіндегі бұл жағдай өзгермейтін болса, таяу перспективада ұлттық адами капитал одан әрі нашарлап, кәсіби кадрлардың азаюы және еліміздің экономикалық әлеуетінің төмендеуі орын алады [1].

Осы орайда Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленді.

Бағдарламада ең алдымен Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту басшылыққа алынды. Тұлғаны тәрбиелеу мен оқытуда әділ сапалы білім беруді және баршаға арналған өмір бойы оқу мүмкіндігін ынталандыруды қамтамасыз ету қажет.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын және қазақстандық патриотизмді дамыту үшін педагогте кәсіби біліктілікпен бірге шығармашылық еркіндік болуы керек. Жан-жақты тұлғаны тәрбиелеу үшін педагогтің өзі шығармашыл болуын заман талап етіп отыр.

Бұл тұрғыда мектепте шығармашыл педагогтер мен оқушыларды қолдауды көздейтін «Жыр Жалын» поэзия әлемі әлеуметтік-педагогикалық жобасын енгізу арқылы білім беру ұйымдарында оқылым, шығармашылық даму қызметін ұйымдастыруға маңызды рөл беріледі.

Қазіргі таңда оқушылардың әдеби шығармаларға деген көзқарастары өзгерген. Ал шығармашылықпен айналысатындары тіптен аз. Дарынды білім алушыларды анықтап оларға бағыт-бағдар беретін, шығармашылықпен айналысатын білім беру ұйымдарында еңбек ететін педагогтеріміз аз емес. Алайда, мектепке барған шығармашыл педагогтердің басым көпшілігі шығармашылығын тоқтатады немесе өзге салаға ауысып жатқаны жасырын емес. Мектептегі шығармашыл педагогтердің басқа салаға ауысуынан шығармашылық зертханасын жете түсініп, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту қарқыны бәсеңдеуде. Педагогтердің басқа салаға кетуі мектепте шығармашылықпен айналысуға жағдайдың, еңбектерін жарыққа шығаруға қолдаудың жоқтығы.

Жобаның мақсаты: Жас ұрпақтың бойындағы Отандық патриотизмді дамыту, ұлттық сөз өнерінің тарихымен таныстыра отырып сананы жаңғырту, рухани дүниетанымын кеңейту, асыл сөздің мәйегі поэзияны жаңа қырынан таныту, өлең оқуда асқақ рухты биік талғам қалыптастыру, өскелең ұрпақты поэзия әлеміне жетелеп, сусындату, қазақ поэзиясының жетістіктерін насихаттау, жаңа леп әкелген педагог ақындарды анықтау, таныстыру және білім беру ұйымдарын әдістемелік қолдау арқылы педагогикалық шығармашылық ынтымақтастықты қамтамасыз ету.

Жоба қатысушылары: Аудандық, қалалық білім беру ұйымдары

Жобаны жүзеге асыру мерзімдері: 2020 жылдың қыркүйегі – 2023 жылдың мамыры

№	Іс-шаралар	Мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысаны
1	«Жыр Жалын» поэзия әлемі әлеуметтік-педагогикалық жобасы бойынша оқыту семинарын өткізу	2020 жыл, қыркүйек	ҚО ББД ОӘО	Жобаны әзірлеу, талқылау және бекіту.
2	Қазақ халқының ұлы тұлғаларының (жырау, ақын) шығармашылығын жас ұрпаққа дәріптеу мақсатында білім беру ұйымдарында қолданбалы курстар (вариативті), үйірмелер енгізіп, бағдарлама жасау	2020 жыл, тамыз 2021 жыл, тамыз	Білім беру ұйымдары	Әдістемелік-өнімдер шығару (қолданбалы курстар, үйірме жұмыстарының бағдарламасы)
3	Қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің шығармашылығын насихаттау бойынша іс-	2020-2023 жылдар аралығы	ҚО ББД ОӘО әдіскері Жобаға қатысушылар	Жоба қатысушыларының ынтымақтасу моделі мен өзара әрекеттесу

	шараларды ұйымдастыру және өткізу (мүшәйра, айтыс, бейнебайқаулар, эссе, дөңгелек үстел, жыр оқу эстафеталары, поэзия кештері, әдеби-музыкалық кештер)			тетіктерін құру
4	Қазақ поэзиясындағы ұлы тұлғалардың шығармашылығын насихаттауға арналған семинарлар, фасилитацияланған сессиялар, форумдар ұйымдастыру	Жоспар бойынша	Білім бөлімдерінің әдістемелік кабинеттері Жоба қатысушылары	Есеп, фото есеп, мақала жазылады
5	Ақындық қабілеті бар мұғалімдер мен жас буынның өлеңдерін республика, облыс көлеміндегі баспасөз беттерінде жариялау. Ақынжанды шығармашыл ұстаздар мен оқушыларға қолдау көрсету.	Үнемі	ҚО ББД ОӘО	Баспасөз беттеріне жариялау Есеп беру, фото есеп, бейне жазба
6	Педагогтердің медиа сауаттылығын арттыру (баспасөзге материалдарды жариялау әдістері мен талаптары) бойынша шеберлік сыныптар, оқыту сабақтарын ұйымдастырып өткізу	2020 жыл, қазан 2022 жыл, қазан	ҚО ББД ОӘО әдіскері Облыстық «Ізденіс» газетінің редакторы	Шеберлік сыныптар, семинарлар Есеп беру, фото есеп
7	Педагогтер мен оқушылар арасында «Ең үздік өлең, ең үздік мақала, ең үздік очерк-әңгіме» байқауларын ұйымдастыру және өткізу	Жоспар бойынша. (қаңтар 2021 ж., қаңтар 2022 ж., қаңтар 2023 ж.)	ҚО ББД ОӘО әдіскері Облыстық «Ізденіс» газетінің редакторы	Байқау. Баспасөз беттеріне жариялау. Ғаламтор желілері арқылы тарату
8	Жоба жұмысына білім беру ұйымдарының қатысуы бойынша мониторингті әзірлеу және енгізу	2020 ж. желтоқсаны, 2021 ж. сәуірі	ҚО ББД ОӘО әдіскері Шығармашылық топ	Жоба нәтижелігінің мониторингі
9	Тамыз отырыстары аясында жобаны жүзеге асыру бойынша жұмыстардың аралық қорытындыларын шығару	2021 ж. тамыз 2023 ж. тамыз	ҚО ББД ОӘО әдіскері	Жоба бойынша өткізілген жұмыстар бойынша ақпарат ұсыну
10	Жобаны жүзеге асырудың, оның ішінде ғаламтор желісі немесе қашықтықтан өткізу арқылы тиімді	2021 жыл, сәуір 2022 жыл, мамыр	ҚО ББД ОӘО әдіскері Жоба қатысушылар	Жобаның ең тиімді әдістері таралатын болады

	тәжірибесін тарату			
11	Жоба жұмысының қорытындысын шығару	2023 жыл, мамыр	ҚО ББД ОӘО әдіскері Білім бөлімдерінің әдіскерлері Жобаға қатысушылар	Жобаның әлсіз және күшті тұстарын есепке ала отырып, қорытынды жасау Жобаға қатысушыларды марапаттау
12	Облыс көлеміндегі ақын ұстаздардың үздік өлеңдерінен «Қауырсын ғалам» атты жыр-жинақ шығару	2023 жыл мамыр-қазан	ҚО ББД ОӘО әдіскері Шығармашылық топ	Өлеңдер жинақталып, кітап шығарылады.

Жоба авторы: ҚО ББД ОӘО әдіскері Казиева Ансаган Алпысбаевна,
 Әзірлеуші топ: Казиева Ансаган Алпысбаевна, Жакулаев Әділ Мұратұлы,
 Какимова Светлана Шамеловна

**«Жыр Жалын» поэзия әлемі
әлеуметтік-педагогикалық жобасының
ТӨЛҚҰЖАТЫ**

№	Көрсеткіштер аталымы	Жоба бойынша ақпарат
1	Жоба атауы	«Жыр жалын» поэзия әлемі
2	Жоба авторы	Казиева Ансаган Алпысбаевна – Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының әдіскері
3	Жоба әзірлеушілер	А.А. Казиева – Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының әдіскері Жакулаев Әділ Мұратұлы – Саран қаласы, №4ЖББОМ директоры Какимова Светлана Шамеловна – Қарағанды облысытық білім басқармасының «Жамбыл атындағы ММИ» қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
4	Жоба үйлестірушісі	Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы
5	Жоба қатысушылары	Білім беру ұйымдары
6	Өзектілігі	<p>«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында дүниежүзілік білім стандарты кеңістігі деңгейіне жету жолында жаңа қадамдар жасалуда. Қазіргі жаңа технологиямен оқытудағы ортақ ең басты міндет – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке дарынды тұлғаны қалыптастыру. Рухани байлық – ең алдымен әр халықтың, ұлттың салт-дәстүрі, әдет –ғұрпы, дүниетанымы, білім берудегі озық ұстанымдарын пайдаланумен қалыптасады. Ендеше ұлттық дүниетанымын қалыптастыру үшін өскелең ұрпақтың ана тілін, оның ішінде әдебиетті толық меңгергені қажет.</p> <p>«Әдебиет –сөз өнері». Өнер пәні. Сонымен қатар жан-жақты ойлантудың, терең ойлаудың пәні.Ендеше,әдебиет арқылы поэзияны терең оқыта отырып, оқушылардың рухани дүниесін қалыптастырамыз ол үшін мектептерде вариативті бөліктерден курстар,үйірмелерге арналған сағат бөлуге ықпал етеміз.</p> <p>Қазіргі ақпараттық технологиялар дамыған заманда көркем шығармаға қызығушылық азайып, оқушылардың оқу белсенділігі төмендеп кетті. Ең алдымен мұғалімдер оқушылардың оқуға қызығушылығын арттырып, әр түрлі оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдаланып, адамның ұлттық рухани құндылығын арттыратын поэзиялық шығармаларды өз бетімен ізденуге тәрбиелеуі тиіс. Осындай өзекті мәселелерді шешу жолының бірі ретінде осы жобаны ұсынудамыз.</p> <p>«Жыр Жалын» поэзия әлемі жобасы – бүгінгі қазақ ақындарының өмірі мен тыныс-тіршілігі, жеткен жетістіктері және олардың поэзиясымен таныстыратын, сонымен қатар ақындық қабілеті бар дарынды мұғалімдер мен оқушыларға танып, қолдау білдіру арқылы</p>

		шығармашылығын шыңдау, оқушылардың мәнерлеп оқу дағдысын жетілдіру көзделуде.
7	Жобаның мақсаты	Поэзияны жаңа қырынан тану, өлең оқуда биік талғам қалыптастыру, өскелең ұрпақты поэзия әлеміне жетелеп, сусындату, қазақ поэзиясының жеткен жетістіктерін көрсету, жаңа леп әкелген педагог ақындарды анықтау, таныстыру және білім беру ұйымдарын әдістемелік қолдау арқылы педагогикалық шығармашылық ынтымақтастықты қамтамасыз ету.
8	Жобаның міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> • Сөз өнерінің құдіреті арқылы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру; • Ұлы тұлғалардың шығармашылық мұрасын түрлі мәдени іс-шаралар арқылы дәріптеу; • Жас таланттарды, ақындарды тану; • Білім беру ұйымдарында қосымша курстармен, үйірмелердің жүргізілуіне ықпал ету;
9	Жоба жұмысының бағыттары	<p>I. « Қазақ поэзиясы және ұлттық болмыс»</p> <p>II.«Сәуле ғұмыр» қазіргі қазақ поэзиясындағы ақындар үні</p> <p>III. Поэзиядағы ұстаздар мен шәкірттер үні</p>
10	Күтілетін нәтиже	<p>1.Ұлы Абай Құнанбайұлының, Ахмет Байтұрсыновтың, Қ.Аманжоловтың және өзге де поэзия өкілдерінің шығармашылығын жас ұрпаққа дәріптеу мақсатында білім беру ұйымдарында қолданбалы курстардан (вариативті), үйірмелерден бағдарлама жасап сағаттар енгізіледі;</p> <p>2.Ақындық таланты бар педагогтер арасында байқаулар, және қашықтықтан өткізілетін конкурстар ұйымдастырылады;</p> <p>3.Ақындық қабілеті бар мұғалімдер мен жас буынның өлеңдері республика, облыс көлеміндегі баспасөз беттерінде жарияланады;</p> <p>4.Ақындардың жыр әлемін насихаттап дәріптеу мақсатында (әдеби эстафеталар, форумдар, ғылыми-практикалық конференциялар, оқулар, кездесулер, әдеби-сазды кештер, семинарлар) өткізіледі;</p>
11	Жүзеге асыру мерзімдері	<p>Басталуы: 2020 жылдың қыркүйек айы</p> <p>Аяқталуы: 2023 жылдың мамыр айы</p>

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында дүниежүзілік білім стандарты кеңістігі деңгейіне жету жолында жаңа қадамдар жасалуда. Қазіргі жаңа технологиямен оқытудағы ортақ ең басты міндет – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке дарынды тұлғаны қалыптастыру. Рухани байлық – ең алдымен әр халықтың, ұлттың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, дүниетанымы, білім берудегі озық ұстанымдарын пайдаланумен қалыптасады. Ендеше ұлттық дүниетанымды қалыптастыру үшін өскелең ұрпақтың ана тілін, оның ішінде сөз өнерін (әдебиетті) толық меңгеруі қажет.

«Әдебиет – ардың ісі». Әдебиет – өнер пәні. Ендеше, жас ұрпаққа ұлттық әдебиетімізді терең оқыта отырып ұлтын сүйуге, жырдағы рухты бойларына сіңіру арқылы дәстүрді құрметтеуге, халқымыздың бойындағы асыл қасиеттердің барлық нәрі жырда екенін сезіндіру, тал бесіктен жер бесікке дейінгі қазақ халқында атқарылатын салт-дәстүрдің барлығы сөз

өнерінің құдіретімен атқарылатынын түйсіндіру, ұлттық сөз өнері арқылы сананы жаңғыртып, ұлттық тарихты бағамдауды қалыптастыру үшін мектептерде вариативті бөліктерден курстар, үйірмелерге арналған сағат бөлуге ықпал ету.

Қазіргі ақпараттық технологиялар дамыған заманда көркем шығармаға деген қызығушылық азайып, оқушылардың оқу белсенділігі төмендеп кетті. Ең алдымен мұғалімдер оқушылардың кітап, жыр, поэзия оқуға қызығушылығын арттырып, әр түрлі оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдаланып, адамның ұлттық рухани құндылығын арттыратын поэзиялық шығармаларды талдап, білім алушылардың өздігінен білім алуға ізденуге тәрбиелеуі тиіс. Осындай өзекті мәселелерді шешу жолының бірі ретінде «Жыр жалын» поэзия әлемі жобасын ұсынудамыз.

«Жыр Жалын» поэзия әлемі жобасы – Қазақ тарихындағы және бүгінгі қазақ ақындарының өмірі мен тыныс-тіршілігі, жеткен жетістіктері мен шығармашылығын таныстырып қана қоймай, сонымен қатар дарыны бар мұғалімдер мен оқушыларды танып-білу, шығармашылығын шыңдау, мәнерлеп оқу дағдысын жетілдіруді жүзеге асыру мақсатында құрылады.

Жоба гипотезасы:

Алуан түрлі жұмыс тәсілдері мен түрлерін қолдану арқылы шығармашылыққа машықтандыру, көркем әдеби шығармаларды оқуға талпындыру. Әдеби ортада өзіндік орны бар, белгілі ақын-жазушылармен кездесу кештер ұйымдастырып, жасөспірімнің тұлғалық, азаматтық санасын қалыптастыру. Өлең сөзінің құдіреті мен қуатын жанымен сезініп, жүрегімен түсіне білетін тұлға тәрбиелеу. Жеке тұлғаның өзіндік ізденуіне, поэзияны түсінуге, терең ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруына, ұстаздар шығармашылығының жетілуіне жағдай жасауға көмектеседі.

Жоба мақсаты: Поэзияны жаңа қырынан тану, өлең оқуда биік талғам қалыптастыру, өскелең ұрпақты поэзия әлеміне жетелеп, сусындату, қазақ поэзиясының жеткен жетістіктерін көрсету, жаңа леп әкелген педагог ақындарды анықтау, таныстыру және білім беру ұйымдарын әдістемелік қолдау арқылы педагогикалық шығармашылық ынтымақтастықты қамтамасыз ету.

Қойылған мақсаттарға жету үшін келесі негізгі міндеттерді шешуді көздейміз:

- Сөз өнерінің құдіреті арқылы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру;
- Ұлы тұлғалардың шығармашылық мұрасын түрлі мәдени іс-шаралар арқылы дәріптеу;
- Жас таланттарды, ақындарды тану;
- Мектептерде қосымша курстармен, үйірмелердің жүргізілуіне ықпал ету

Негізгі қызмет бағыттары:

- мектеп оқушы тұлғасының поэзияны оқып, түсінуі арқылы Отанға деген махаббат және патриотизм қалыптастыру;
- өзгелердің намысы мен абыройын құрметтеу;
- бойларында ұлттық сана-сезімнің жоғары деңгейін қалыптастыру;
- оқушылардың әлеуметтік-белсенді ұстанымын қалыптастыру;
- ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік-тәрбиесіне құрметпен, азаматшылдықпен қарауға үйрету;
- ұлттық рухымыздың, тілге құрметтің ұрпақ бойында мәңгі қалуын жүзеге асыру

Мақсатты аудитория: Қарағанды облысының 18 білім беру ұйымдарының 5-11 сыныптарының оқушылары және ұстаздар қауымы.

Жоба қатысушылары: Қарағанды облысының 18 білім беру ұйымдары:

Жезқазған қаласы, «Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі» КММ; Саран қаласы, «№4 ЖББМ» КММ; Теміртау қаласы «№4 ЖББОМ» КММ; Сәтбаев қаласы, «С.Сейфуллин атындағы мектеп-гимназиясы» КММ; Балқаш қаласы, «С.Сейфуллин атындағы №7 мектеп-гимназиясы» КММ; Бұқар жырау ауданы, «Ростовка тірек мектебі (РО)» КММ; Жаңаарқа ауданы, «Б.Амалбеков атындағы ЖББОМ» КММ; Қарағанды қаласы, «М. Жұмабаев атындағы № 39 гимназия» КММ, «А.Байтұрсынов атындағы № 41 гимназия» КММ, «С. Саттаров атындағы № 57 мектеп-лицей» КММ, «№ 68 мектеп-интернат» КММ, «Ә.Бөкейханов атындағы № 76 ЖББОМ» КММ, «№86 ЖББОМ» КММ, «92 гимназия» КММ, «№ 103 мектеп-лицей» КММ;



**«Жыр Жалын» поэзия әлемі
жобасын жүзеге асыру механизмі**

Өткізу мерзімі: 2020-2023 жж.

Жүзеге асыру географиясы



**Қарағанды облысында білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы**



**Қала, аудандық
білім бөлімдері
жалпы саны - 18**

Жобаны жүзеге асыру кезендері: 2020 жылдың қыркүйегі – 2023 жылдың мамыры

«Жыр Жалын» поэзия әлемі әлеуметтік-педагогикалық жобасының эмблемасы қарастырылған. Жобаға қатысқан білім беру ұйымдарына қатысқандығы туралы «Алғыс хат» беріледі.

I. Жобалық: іске асыру жағдайларын дайындау, әдебиеттерді зерттеу.

1. Жобаны әзірлеу, зерделеу, талқылау және бекіту.
2. Жобаны іске асыру бойынша іс-әрекеттер жоспарын әзірлеу.
3. Жобаға қатысушыларға арналған семинар-практикум өткізу.

II. Тәжірибелік: бағдарламаны жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыру (2020 жылдың қыркүйегі – 2023 жылдың мамыры)

1. Жобаның мазмұны бойынша жұмыс жасау, іске асырудың ең тиімді түрлері мен әдістерін таңдау.

2. Білім беру ұйымдарымен, мәдениет ұйымдарымен әлеуметтік серіктестікті кеңейту және нығайту.

3. Жобаны жүзеге асыру мониторингін өткізу.

4. Талантты оқушылар мен ақынжанды ұстаздардың шығармаларын насихаттау, танымдық семинарлар ұйымдастыру, форумдар, сессиялар, дөңгелек үстелдер мен бейнебайқаулар ұйымдастыру, мектептердің оқу жоспарларынан сағаттар бөлінетіндей бағдарламалар жасау.

III. Жалпылауыш, аналитикалық: жобаның қол жеткізген нәтижелерін талдау және одан әрі жұмыс істеу перспективасын анықтау (2023 жылдың мамыры)

Жобаны жүзеге асыру нәтижелігін бағалау:

Жүзеге асыру нәтижелігін бағалау адамгершілік-рухани және сандық параметрлер арқылы объективті критерийлер жүйесін қолдану негізінде жүзеге асырылады.

Эстетикалық танымдық, рухани дағдыларын қалыптастыру:

- поэзиялық шығармалар арқылы рухани нәр алуға сезіміне әсер етуге ықпал ету;

- лирикалық шығармаларды оқуға қабілетін ашу, сөз өнерінің сұлулығын сезіндіру;

- жас буынның, ұстаздардың шығармашылығының танылуына жол ашу;

- ой ұшқырлығын қалыптастыруға, шешім қабылдауға, қоғамдық істерге қатысуға дайындау;

2. Негізгі құндылықтарға саналы көзқарастың қалыптасуы:

1. Поэзияны оқып, түсіну арқылы Отанға деген махаббат және патриотизм;

2. Өзгелердің намысы мен абыройын құрметтеу;

3. Ұлттық сана–сезімнің жоғары деңгейін қалыптастыру;

4.Ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік-тәрбиесіне құрмет, азаматшылдық;

5.Ұлттық рухымыздың, тілге құрметтің ұрпақ бойында мәңгі қалуын жүзеге асыру.

3.Сандық параметрлері:

1. Жобаға қатысушылардың толығымен қамтылуы;
2. Жобада қамтылған іс-шаралардың сапалы уақытында жүзеге асуы.

Жобаны әдістемелік қамтамасыз ету

Жоба үш тақырыптық тараудан тұратын және екінші тарауда ұсынылған бағдарланған бағдарлама бойынша жұмысты ұйымдастыруды қарастырады. Жоба қазақтың тұлғаларының және бүгінгі қазақ ақындарының өмірі мен тыныс-тіршілігі, жеткен жетістіктері және олардың шығармашылығымен таныстырып, сонымен қатар ақындық қабілеті мен дарыны бар мұғалімдер мен оқушыларды танып-білу, шығармашылығын шыңдау, мәнерлеп оқу дағдысын жетілдіру көзделуде.

Жобада ұлтжанды, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, шығармашыл, ақындық таланты бар оқушылар мен ұстаздарды тану үшін мониторинг (қадағалау, бағалау) жүйесі қолданылады.

Білім беру ұйымдарында жобаны жүзеге асыруға жауапты тұлғалар:

- оқу-тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары (жалпы басқарады жобаның іске асуына жауапты);
- қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері;
- қосымша білім беру педагогтары осы бағыттағы үйірме жетекшілері;
- сынып жетекшілер, әдіскерлер.

«Жыр Жалын» поэзия әлемі әлеуметтік-педагогикалық жобасын жүзеге асыру және негізгі жұмыс түрлері: жылдық жұмыс жоспары, оқыту бағдарламалары, өткізілген іс-шаралардың тиімділігін талдау және бағалау, педагогикалық кеңестерде, қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігінің отырыстарында мәселелерді талқылау, жинақтаушы материал, жоба бойынша тақырыптық стендтер, мектеп сайтында арнайы бет ашылып, енгізу.

Негізгі жұмыс түрлері:

- Жоба бойынша білім беру ұйымдарында қолданбалы курстар (вариативті),үйірмелер енгізіп, бағдарлама жасау;
- байқаулар, бейнебайқаулар, эссе, дөңгелек үстел, жыр оқу эстафеталары, поэзия кештері, әдеби-музыкалық кештер ұйымдастыру және өткізу;

- қазақ поэзиясындағы ұлы тұлғалардың шығармашылығын насихаттауға арналған семинарлар, фасилитацияланған сессиялар, форумдар, конференциялар ұйымдастырып өткізу;
- шығармашыл ұстаздар мен оқушыларға қолдау көрсету, өлеңдерін республика, облыс көлеміндегі баспасөз беттерінде жариялау;
- облыс көлеміндегі ақын ұстаздардың үздік өлеңдерін жинап, кітап шығару;
- ұстаздар, оқушылар арасында ақындар айтысын ұйымдастыру;
- ортақ іс-шараларды дайындау және өткізу барысында басқа қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынас құру.

«ЖЫР ЖАЛЫН» ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІ ЖОБАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

«Жыр жалын» поэзия әлемі жобасының жұмыс бағыты 3 тақырыптық тараудан тұрады:

I. «Қазақ поэзиясы және ұлттық болмыс» – негізгі идеясы қазақ поэзиясындағы ұлттық дүниетанымды таныту арқылы поэзиядағы ұлы тұлғаларды дәріптеу, шығармаларымен таныстыру.

II. «Сәуле ғұмыр» қазіргі қазақ поэзиясындағы ақындар үні – негізгі идеясы ақындардың жыр әлемін насихаттап дәріптеу мақсатында (әдеби эстафеталар, форумдар, конференциялар, оқулар, кездесулер) өткізу.

III. Поэзиядағы ұстаздар мен шәкірттер үні – негізгі идеясы ақындық таланты бар педагогтар арасында байқаулар ұйымдастыру, ақынжанды шығармашыл ұстаздар мен оқушыларға қолдау көрсету.

Жұмыс бағытының тараулары	Негізгі міндеттері	Жобаны іске асырудың нысандары
«Қазақ поэзиясы және ұлттық болмыс»	<ul style="list-style-type: none"> - танымдық семинарлар ұйымдастыру; - мектептердің оқу жоспарларынан сағаттар бөлінетіндей бағдарламалар жасау; - форумдар, сессиялар, дөңгелек үстелдер мен бейнебайқаулар ұйымдастыру; - талантты оқушылар мен ақынжанды ұстаздардың шығармаларын насихаттау; - жоба қорытындысы бойынша мониторингті әзірлеу және енгізу; 	<ul style="list-style-type: none"> • «Жыр Жалын» поэзия әлемі әлеуметтік-педагогикалық жобасы бойынша оқыту семинарын өткізу; • Ұлы Абайдың немесе өзге ақындардың шығармашылығын жас ұрпаққа дәріптеу мақсатында білім беру ұйымдарында қолданбалы курстар (вариативті), үйірмелер енгізіп, бағдарлама жасау; • қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің шығармашылығын насихаттау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу (байқаулар, бейнебайқаулар, эссе, дөңгелек үстел, жыр оқу эстафеталары, поэзия кештері, әдеби-музыкалық кештер, конференциялар, әдеби викториналар); • қазақ поэзиясындағы ұлы тұлғалардың шығармашылығын насихаттауға арналған семинарлар, фасилитацияланған сессиялар, форумдар ұйымдастырып өткізу; • жоба жұмысына білім беру ұйымдарының қатысуы бойынша мониторингті әзірлеу және енгізу;

<p>«Сәуле ғұмыр» қазіргі қазақ поэзиясындағы ақындар үні</p>	<p>-поэзиялық шығарманы оқуға қызығушылығын, ынтасын ояту, жоғары эстетикалық талғам мен қажеттілікті қалыптастыру; -сөз өнерінің ерекшеліктерін түсініп, тануға, ой көзімен зерделеуге бағыттау, ой ұшқырлығын қалыптастыруға тәрбиелеу; -рухани дүниесін байыта отырып эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру;</p>	<ul style="list-style-type: none"> • қазіргі қазақ поэзиясындағы белгілі ақындармен кездесу кештерін ұйымдастыру • ұстаздар, оқушылар арасында ақындар айтысын ұйымдастыру • үздік өлең, үздік мақала, үздік очерк-әңгіме байқауларын ұйымдастыру және өткізу • сапалы білім, саналы тәрбие алып бой түзеп келе жатқан жастарға оқуға ұсынылатын қазақ поэзиясындағы ақындар: <p>5-7 сыныптар: Ұлықбек Есдәулет Нәзира Бердалы, Жарас Сәрсек, Бауыржан Бабажанұлы, Қайрат Асқар, Руслан Нұрбай, Ерлан Жүніс, Құралай Омарова, Мирас Асан т.б.</p> <p>8-9 сыныптар: Жүрсін Ерман, Ғалым Жайлыбай, Қалқаман Сарин, Темірхан Медетбек, Ұлықбек Есдәулет, Жарас Сәрсек, Әмірхан Балқыбек, Серік Сағынтай, Ақберен Елгезек, Рахат Әбдірахманов, Бауыржан Қарағызұлы, Бағдат Мүбәрак т.б.</p> <p>10-11 сыныптар: Темірхан Медетбек, Жүрсін Ерман, Аққұштап Бақтыгереева, Күләш Ахметова, Марфуға Айтқожина, Ғалым Жайлыбай, Серік Ақсұңқарұлы, Қалқаман Сарин, Маралтай Райымбекұлы, Танакөз Толқынқызы т.б.</p>
<p>Поэзиядағы ұстаздар мен шәкірттер үні</p>	<p>-шығармашылық жинақтау жұмыстарын ұйымдастыру; баспа беттеріне жарық көруіне ықпал ету; -поэзияға қабілеті бар ұстаздардың жаңа лебін тауып, поэзиялық кештер өткізу; -республикалық, облыстық БАҚ(газет, телевизия саласы) жасау, материалдар жинақтап ұсыну.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • облыс көлеміндегі ақын ұстаздардың үздік өлеңдерін жинап, жыр жинақ шығару • ақындық қабілеті бар мұғалімдер мен жас буынның өлеңдерін республика, облыс көлеміндегі баспасөз беттерінде жариялау. Ақынжанды шығармашыл ұстаздар мен оқушыларға қолдау көрсету. • педагогтердің медиа сауаттылығын арттыру (баспасөзге материалдарды жариялау әдістері мен талаптары) бойынша шеберлік сыныптар, оқыту сабақтарын ұйымдастырып өткізу • «Өлең – сөздің патшасы» білім беру ұйымдарында жас ақын оқушыларға қолдау көрсету, поэзия кештерін ұйымдастыру

Жоба жұмыстарының алуан түрін ұйымдастыру үшін жалпы білім беретін мектептердің жиын залдарын, оқырман залын, кітапханаларды, сондай-ақ мәдениет үйлерін, жасөспірімдер сарайларын қолдануға болады.

Оқушылардың эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу мазмұнын ұйымдастырудың негізгі қағидалары:

Өнер мен әдебиет адам дамуының және рухани өсуінің басты шарттарының бірі болып табылады. **Эстетикалық тәрбие** – жаратылыс дүниесіндегі немесе өнер туындысындағы сұлулық пен әсемдікті қабылдап, ғибраттануға баулитын, адамның эстетикалық сезімін, талғамын қалыптастыратын тәрбие.

Әр түрлі өнер адамдарының іс-әрекеті баланың тәртібіне, өмірге көзқарасына, түсінік-құлықтарына игі әсер етеді. Қоғамдағы, өнердегі оның ішінде өлең өнеріндегі әсемдікті түсіне, сезіне білу қабілеттерін дамытады. **Поэзиялық шығармалар арқылы эстетикалық талғамын дамыту**, дұрыс пікір айтып, бағалай білуге ой ұшқырлығының дамуына көмектеседі. Оқушының өлең өнеріне деген қабілетінің шындалып шығармашылықпен ұштасуына көмектеседі. Сезім байлығы – адамның рухани өмірін жоғары да әр тарапты дамытудың қажетті шарты адамның рухани жағынан бай болып, әсемдікті көре біліп, одан ләззат ала білуге тиіс, нәтижесінде эстетикалық әсерлену, жағымды эмоция қалыптасып жүзеге асады. **Поэзиядағы әсемдікті дұрыс бағалай біліп**, эстетикалық талғам жоғарлайды. Эстетикалық талғам немесе көркемдік талғам әрбір адам өміріне қажет. **Бала тұлғасының дербестігін көркемдік шығармашылық арқылы айқындауы, баланың өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік береді.**

Күтілетін нәтижелер:

Дарыны бар мұғалімдер мен оқушыларды танып, білуде әлеуметтік-педагогикалық жобаны жүзеге асыру процесінде келесі тұлғалық қасиеттер қалыптасуы тиіс:

- отбасын, туған жерін, Отанынына адал қызмет етуге дайындық сезімі
- ұлтжанды белсенді азамат ұстанымы;
- ұлттық құндылықтар арқылы адамзаттыққа тәрбиелеу;
- поэзияны оқыту арқылы оқушының ұшқыр қиялын дамыту;
- ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ой-пікірдегі тәуелсіздік қасиеттерін дамыту;
- шығармашылықпен шұғылдандыруға баулу, жағдай жасау;

Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде күтіледі:

1. Қазақ халқының ұлы тұлғаларының (жырау, ақын) шығармашылығын жас ұрпаққа дәріптеу мақсатында білім беру ұйымдарында қолданбалы курстар (вариативті), үйірмелер енгізіп, бағдарлама жасалып енгізіледі;

2.Ақындық таланты бар педагогтар арасында байқаулар және қашықтықтан өткізілетін конкурстар ұйымдастырылады;

3.Өлең оқуға құштар мұғалімдер мен жас буынның өлеңдері республика, облыс көлеміндегі БАҚ беттерінде жарияланады;

4. Ақындардың жыр әлемін насихаттап дәріптеу мақсатында (әдеби эстафеталар, форумдар, ғылыми-практикалық конференциялар, оқулар, кездесулер, әдеби-сазды кештер, семинарлар) өткізіледі.

Жоба ең алдымен директордың тәрбие орынбасарлары мен мұғалімдер және аға тәлімгерлердің, оқушылардың әдебиетті, поэзияны оқуға қызығушылығын арттырып, әр түрлі оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдаланып, адамның ұлттық рухани құндылығын арттыратын поэзиялық шығармаларды өз бетімен ізденуге, өлең өлкесіне енуге, таланттарды тану үшін даярланды. Жобаны жүзеге асырудың түпкілікті нәтижесі білім алушылар Қазақстан Республикасының белсенді азаматтық ұстанымы және патриоттық сана-сезімі қалыптасқан тұлғалар болуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: «Рауан», 1997 ж.
3. Айшолақов Т.Қ. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы, 1994 ж.
4. «Жас ақындар жырының антологиясы», Алматы: «Өлке», 2000 ж.
5. «Поэзия әлемі», Әдебиет порталы
6. «Қазіргі қазақ поэзиясы», massaget.kz.
7. Ахметов З. Поэзия шыңы даналық. Астана: Елорда, 2002.- 216 б.
8. Қабдолов З. Сөз өнері.-Алматы: Қазақ Университеті, 1992.- 356 б.
9. Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. 8 том.-Алматы: Жалын, 1976. -715 б.
10. XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011 жж).- Алматы: Арда, 2011.- 640 б.